

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігі
Мемлекеттік мұлік және
жекешелендіру комитеті
төрағасының 2019 жылғы
бұйрығымен
бекітілген

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ

Нұр-Сұлтан, 2019 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының осы Жарғысы (бұдан әрі – Қоғам) оның атауын, тұрған жерін, Қоғамның ұйымдастырылуы және қызмет етуінің құқықтық негіздерін, оның органдарының құрылу реті мен құзыретін, оның қызметінің қайта құрылуы мен тоқтатылуы шартын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа жағдайларды анықтайды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 наурыздағы № 129 «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» қаулысына сәйкес құрылды.

3. Қоғамның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

орыс тілінде – Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»;

ағылшын тілінде – Non-profit limited company «International University of Tourism and Hospitality»;

қысқартылған:

мемлекеттік тілде – «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ;

орыс тілінде – НАО «Международный университет туризма и гостеприимства»;

ағылшын тілінде – NLC «International University of Tourism and Hospitality».

4. Қоғамның атқарушы органдының тұрған жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәнгілік Ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс.

5. Қоғамның қызмет мерзімі - шектелмеген.

6. Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті тұлғасында Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

7. Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саладағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жалғыз акционер акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіндегі мәселелерді қарайды және шешімдерді қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен келісу бойынша қабылданатын шешімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен

акционерлердің жалпы жиналышы (Жалғыз акционер) құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдер Жалғыз акционермен дербес қабылданады.

8. Қоғам өз қызметінің негізгі мақсаты ретінде табыс алуды және алынған таза табысты Қоғамның Жалғыз акционері пайdasына бөлуді көзdemейтін коммерциялық емес үйым болып табылады.

Қоғам коммерциялық үйым болып қайта құрыла алмайды.

9. Қоғам өз қызметін іске асыруға каржы тарту мақсатында акциялар шығаруды іске асырады, одан түскен табыс тек қана Қоғамды дамытуға және оның жұмыскерлері мен білім алушылары үшін қажетті жағдай жасауга жұмсалады.

Қоғам акциялар бойынша үлесақы төлемейді, артықшылық берілген акцияларды, туынды және айыrbасталатын бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асырмайды.

10. Қоғам өндіретін және (немесе) жүзеге асыратын тауарларға (жұмыстарға, көрсететін қызметтерге) бағаны Қоғам дербес белгілейді.

2. Қоғамның заңдық мәртебесі

11. Қоғам дербес әзірлеген білім беру оку бағдарламаларын жүзеге асыратын, білім алушылар мен профессорлық-окытушылық құрамның арақатынасын, оқуға қабылдау, оку жүктемесінің, оку, ғылыми, ғылыми-техникалық, кәсіпкерлік, өндірістік-шаруашылық, инновациялық және әдістемелік қызметтерінің өзіндік нормалары мен нормативтерін қолдану тәртібін, еңбекақы төлеу нысандары мен мөлшерін дербес аныктайтын білім беру үйимы мәртебесіне ие.

12. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банк шоттары бар, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарды алуына және жүзеге асыруына болады, міндеттерді аткара алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

13. Қоғамның өз атауы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған мөрі, штампы, өз атауымен бланкілері және қызметін іске асыруға қажетті өзге реквизиттері бар.

14. Қоғамның өз тауар белгісі және басқа ерекшелік нышаны болуы мүмкін, олардың үлгілерін Қоғамның Басқарушы орган бекітеді және белгіленген тәртіппен тіркеуден өтеді.

15. Қоғам өзінің қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, 2003 жылғы 13 маусымдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі – Зан), 2001 жылғы 16 қантардағы «Коммерциялық емес үйимдар туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы», 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы», 2015 жылғы 31 қазандағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын,

Қазақстан Республикасының басқа нормативтік-құқықтық актілерін, сонымен қатар осы Жарғыны басшылыққа ала отырып іске асырады.

16. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте заңды тұлғалардың жарғылық капиталына катысуға, филиалдар мен өкілдіктерді құруға құқылы.

Филиалдар мен өкілдіктер Қоғамның Басқару органы (Директорлар кенесі) бекітетін ережелер негізінде әрекет етеді.

17. Қоғам осы Жарғымен белгіленген мақсаттарға сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.

18. Қоғам саяси қызметтің кез келген түрлері мен нысандарынан қалыс қалады және саяси партиялар мен діни бірлестіктердің өз қызметіне араласуына жол бермейді. Қоғамда саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстардың идеяларын насиҳаттауға және олардың ұйымдық құрылымдарының құрылудына және қызмет етуіне жол берілмейді.

3. Қоғамның құрылтай құжаттары

19. Қоғамның құрылтай құжаты осы Жарғы болып табылады.

20. Барлық мұдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша Қоғам Жарғысымен танысуға құқылы.

4. Қоғам қызметінің мақсаты және түрлері

21. Қоғам қызметінің мақсаты ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және тәжірибе жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу, оқыту және білім беру үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және зерттемелерді коммерциялау үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Қоғамның білім беру үдерісінің мақсаты халықаралық стандарттарға сай келетін жоғары сапалы оқыту болып табылады.

Оқыту келесі сатылар бойынша жүзеге асырылады:

техникалық және кәсіби білім беру: колледж;

жоғары білім: бакалавриат;

жоғары оқу орнынан кейінгі білім: магистратура, докторантурасы;

қосымша білім беру: ғылыми-педагогикалық кадрлар мен мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау.

Білім беру қызметі келесі оқыту нысандары бойынша жүзеге асырылады: күндізгі, және қашықтық технологияларды қолданумен оқу, дуальды оқыту нысаны және экстернат.

22. Қоғамда білім беру үдерісі мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа тілдерде қажет болған жағдайда жүзеге асырылады.

23. Негізгі қызмет түрлері:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызмет, ғылыми-зерттеу жұмыстары;

2) білім алушыларды тамактандырумен, тұрумен, медициналық қызмет көрсетүмен қамтамасыз етуі;

3) жұмыскерлерді тамактандырумен, тұрумен, медициналық қызмет көрсетүмен қамтамасыз етуі;

4) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі;

5) спорттық және мәдени-бұкараптық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуі;

6) деңе шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізуі, спорттық және шығармашылық секциялар құруы;

7) білім беру процесін, зерттеулерді, тәрбиелік және әлеуметтік-мәдени қызметті қамтамасыз ету үшін баспа және полиграфиялық қызметі;

8) халықаралық және республикалық деңгейдегі түрлі іс-шараларды: білім алушылар мен педагог жұмыскерлер арасындағы олимпиадаларды, жарыстарды, конкурстарды, конференцияларды, семинарларды ұйымдастыру мен оларға қатысуы;

9) бастауыш, негізгі орта жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыруы;

10) технополистерді, технопарктарді, бизнес-инкубаторларды, инновациялық орталықтарды, технологияларды коммерцияландыру және трансфертеу орталықтарын, жобалау конструкторлық бюrolарды және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құруы;

11) білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді, оқыту технологиялары мен зерттеулерді әзірлеуге, сынақтан өткізуге және ендіруге қатысуы;

12) білім берудің барлық денгейлері үшін цифрлық интерактивтік білім беру ресурстарын және оқу фильмдерін ұйымдастыруды, жасауы және дамытуы;

13) білім мен ғылымды өндіріспен интеграциялауға қатысады;

14) Қазақстан Республикасының еншілес және басқа да ұйымдары мен шетелдік ұйымдардың қаржы ресурстарын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, инновациялық және инвестициялық жобаларды ұйымдастыруды, қаржыландыруды, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы жобаларды венчурлік қаржыландырудын тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысуы.

24. Қызметтің жеке түрлерін іске асыру үшін уәкілетті органның арнаулы рұқсаты (лицензия) қажет болатын жағдайда, Қоғам қызметтің аталған түрлерін тек белгіленген тәртіп бойынша тиісті рұқсат (лицензия) алғаннан кейін жүзеге асырады.

25. Қоғамның құзыретіне жатады:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын өзірлеу және бекіту;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жоғары (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жұмыскерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын айқындау;
- 3) профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми жұмыскерлер лауазымдарына конкурстық орналасу қағидаларын өзірлеу және бекіту;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету шарттының және кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарттың нысандарын өзірлеу және бекіту;
- 5) дербес өзірленген оқу жүктемесі нормаларының, енбекке ақы төлеу нысандары мен мөлшерлерінің негізінде білім беру қызметін жүзеге асыру;
- 6) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына қабылдау қағидаларын өзірлеу және бекіту;
- 7) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының даму бағдарламасын өзірлеу;
- 8) білім алушыларға «бакалавр», «магистр» және «PhD докторы» дәрежелерін беру;
- 9) кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын өзірлеу және бекіту;
- 10) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушыларды ауыстыру мен қайта қабылдау қағидаларын өзірлеу және бекіту;
- 11) білім алушыларға дәрігерлік-консультациялық комиссия корытындысының, әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағазының негізінде, босануына, бала асырап алуына байланысты бала үш жасқа толғанға дейін академиялық демалыстар беру;
- 12) ішкі тәртіптеме қағидаларын өзірлеу және бекіту;
- 13) жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын өзірлеу және бекіту;
- 14) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік оқыту технологиясын және қашықтықтан білім беру технологияларын ендіру;
- 15) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- 17) қаржылық-шаруашылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде жабдықтармен жарактандыру;
- 18) кадрларды кәсіптік даярлаудың заманауи нысандарын ендіру;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті ұсыну жатады.

26. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

- 1) жоғары және (немесе) жоғары оку орнынан кейінгі білім беру үйімінің эндаумент-қорын құруға;
- 2) бюджеттен тыс қаржыландыру көздері есебінен ғылыми-білім беру қызметі жөніндегі занды тұлғаларды құруға;
- 3) стартап-компаниялар ашуға;
- 4) жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қаржы каражаты мен материалдық құралдардың қосымша көздерін тартуға;
- 5) шет мемлекеттерде филиалдар құруға құқылы.

5. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

27. Қоғамның Жалғыз акционері құқылы:

- 1) Заңмен және Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен бойынша Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 3) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 4) Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 5) қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайзыны дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңын 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына қоғамның лауазымды адамдарының қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилииленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талапten жүгінуге;
- 6) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Занда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айыrbасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
- 8) Қоғам таратылған жағдайда мұліктің бөлігін иемденуге;
- 9) Занда көзделген тәртіппен қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауға;
- 10) Директорлар кенесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;

11) Қоғам есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін өткізуін талап етуге құқылы.

28. Қоғамның Жалғыз акционері міндетті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғамның осы Жарғысымен қарастырылған тәртіппен акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;

3) Қоғам туралы немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны қамтитын қызметі жайлы ақпаратты таратпауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндеттерді орындауға;

5) Акционердің осы Жарғының 28-тармағының 2) тармакшасында белгіленген талаптарды орындауының салдары үшін қоғам, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы жауапты болмайды.

6. Қоғам мүлкі

29. Қоғам мүлкі оның қызметін қамтамасыз етуге арналған және оған меншік құқығы ретінде тиесілі болады.

30. Қоғам мүлкі:

1) акционердің Қоғам акцияларын төлеу үшін табыстаган мүлкі;

2) Қазақстан Республикасының Заңнамасына қайшы келмейтін оның қызметі нәтижесінде алынған басқа табыстар.

31. Қоғамның қызмет етуі нәтижесінде алынған табыстар тек қана Қоғамның дамуына және оның жұмыскерлері мен білім алушыларына қажетті жағдайларды жасауға пайдаланылады.

32. Қоғамның білім беру қызметін мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қаржыландыру заңнамамен, тиісті саладағы уәкілетті органмен белгіленген тәртіппен бір білім алушыны есептеумен анықталатын жыл сайын бекітілетін нормативтер негізінде жүзеге асырылады.

33. Қоғамның ғылыми және ғылыми-техникалық қызметін базалық, гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша қаржыландыру жыл сайын бекітілетін норматив негізінде тиісті саладағы уәкілетті органмен жүзеге асырылады.

34. Қоғам қолданыстағы заңнамамен қарастырылған тәртіп бойынша банк кредитін алуға құқылы.

7. Қоғамның қаржы есептемесі және аудиті

35. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржы есептемесін жасау

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңы мен Халықаралық қаржы есептемесі стандарттарына сәйкес жасалған есептік саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.

36. Күнтізбелік жыл Қоғамның қаржы жылы болып табылады. Қоғамның жылдық қаржы есептемесі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржы есептемесі туралы заңының талаптарына сәйкес құрастырылады.

37. Қоғамның атқарушы органдың жыл сайын Жалғыз акционерге талқылау және бекіту үшін өткен жылдың жылдық қаржы есептемесін ұсынады, оның аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес өткізіледі. Қоғамның жылдық қаржы есептемесі Жалғыз акционерге ұсынылатын күннен бұрын, 30 (отыз) күннен кешіктірілмей, Басқару органдына (Директорлар кеңесі) алдын ала бекітуге берілуі тиіс.

38. Жылдық қаржы есептемесін соңғы бекітуді Жалғыз акционер жүзеге асырады.

39. Қоғам өзінің ресми интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде жыл сайын жылдық бухгалтерлік балансын, капиталдағы барлық өзгерістерді көрсететін есептемені, ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті және түскен пайда мен шығындар туралы есепті жариялады.

40. Қазақстан Республикасының заңнамасымен Қоғамның қаржы есептемесін жариялау тәртібі мен түріне қатысты қосымша талаптардың қойылуы мүмкін.

8. Қоғамның Жарғылық капиталы

41. Жарғылық капитал Қоғам қызметін қамтамасыз ету үшін құрылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам құрылтайшысының акцияларға төлеуі арқылы қалыптасады.

42. Қоғамның Жарғылық капиталын көбейту Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүзеге асырыла алады.

9. Қоғам акциялары

43. Қоғам тек жай акцияларды шығаруға құқылы.

44. Жай акция Жалғыз акционерге Заңға сәйкес оның қарауына берілген барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқық береді. Сонымен қатар жай акция Жалғыз акционерге Қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша Қоғамның мүлкін алуға құқық береді.

45. Қоғамның акциялары құжаттамасыз түрде шығарылады.

46. Қоғам өз акцияларын олардың шығуы мемлекеттік тіркеуден өткен соң орналастырады.

47. Қоғамның акцияларын ұстаушы тізілімін жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтауды тәуелсіз тіркеуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

48. Акцияларды шығару, орналастыру, олардың айналыс шарттары мен тәртібі акциялардың шығарылым проспектісімен белгіленеді.

10. Таза табысты бөлу

49. Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді төлеген соң) Қоғамның қарауында қалады және Қоғамды дамытуға жұмсалады.

11. Қоғамның органдары

50. Қоғамның органдары:

- 1) жоғарғы орган – Қоғамның Жалғыз акционері;
- 2) басқару органдары – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) бақылау орган – Ішкі аудит қызметі;
- 5) алқалы орган – Ғылыми кеңес.

12. Қоғамның Жалғыз акционері

51. Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыретіне жатады:

1) Басқарма Төрағасы - Қоғам Ректорының өкілеттігін сайлау (тағайындау), өкілеттік мерзімін анықтау, мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі және тәртіп жауапкершілікке тарту;

2) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

3) Корпоративтік басқару кодексін бекіту және өзгерістер мен толықтырулар қабылдаған жағдайда оны енгізу;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

5) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;

6) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеу және шығыс өтемақысын төлеу мөлшері мен жағдайларын анықтау;

- 7) Қоғамның аудитін жасайтын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 8) жылдық қаржы есептемесін бекіту;

9) Қоғамның өзге занды тұлғалардың құрылуына немесе олардың қызметіне қатысуы туралы немесе Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайзының құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау (алу) арқылы өзге занды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешімдерді қабылдау;

10) Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғам қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін белгілеу, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

11) шешім қабылдау Занмен және Қоғам Жарғысымен Жалғыз акционердің ерекше құзыretіне берілген басқа мәселелер.

Жалғыз акционердің құзыretіне жататын кейбір мәселелер бойынша шешімдер Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 177-бабының 2-тармағына сәйкес белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу арқылы қабылданады.

52. Жалғыз акционердің ерекше құзыretіне жататын мәселелерді Атқарушы орган дайындауды.

53. Қазақстан Республикасының зандарымен басқа жағдайлар қарастырылмаған болса, шешімдерді қабылдау Қоғамның Жалғыз акционерінің ерекше құзыretіне жататын мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің құзыretіне тапсыруға жол берілмейді.

54. Заңға сәйкес Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында қаралуга тиіс мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына беру жөнінде шешімге Директорлар кеңесі бастамашылық етеді.

55. Заң бойынша акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыretіне жататын, Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына берілетін мәселелер бойынша материалдарда:

- 1) Қоғамның жылдық қаржы есептемесі;
- 2) өткен жылдағы жылдық қаржы есептемесіне жасалған аудиторлық есеп;
- 3) өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын үлестіру тәртібі жайлы Директорлар кеңесінің ұсыныстары;
- 4) Жалғыз акционердің Қоғам және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жүгінуін қарау нәтижелері;
- 5) бастамашының шешіміне қарай басқа құжаттар қамтылуы тиіс.

56. Жалғыз акционер басқа жағдайлар Жарғымен белгіленбеген болса, Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

13. Қоғамның Директорлар кеңесі

57. Заңмен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, Қоғамның қызметін жалпы басқаруды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

58. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;
- 2) акцияларды орналастыру (жүзеге асыру), соның ішінде жарияланған акциялар мөлшері аясында орналастырылатын (жүзеге асырылатын) акциялар саны туралы шешімдерді қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа күнды қағаздарды өтеуін төлеп алу және оларды төлеп алудың бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржы есептемесін алдын ала бекіту;
- 5) Қоғамның ұйымдық құрылымын және жалпы штаттық санын бекіту;
- 6) Қоғамның Басқарма мүшелерін сайлау, олардың уәкілеттік мерзімін, сондай-ақ уәкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтатуды белгілеу;
- 7) Қоғамның Басқарма мүшелеріне тәртіптік жаза қолдануға қатысты мәселелерді шешу;
- 8) Ректордың және Қоғам Басқармасы мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, еңбекақы және сыйақы төлеу жағдайларын белгілеу;
- 9) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың уәкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлыққы беру мөлшері мен жағдайларын белгілеу;
- 10) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның уәкілеттігінің мерзімін белгілеу, уәкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, сондай-ақ Корпоративтік хатшының лауазымдық ақысының мөлшері мен сыйақы беру жағдайларын анықтау;
- 11) қаржы есептеменін аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеу үшін берілген немесе ірі мәміленің пәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалаушының қызметіне төленетін ақының мөлшерін анықтау;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (атқарушы органның Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарынан басқа);
- 13) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру туралы шешімдерді қабылдау, олардың құрылу, жұмыс істеу тәртібін, құрамын, қызметі мен уәкілеттігін анықтау, олар туралы ережелерді бекіту;
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді қабылдау;
- 15) Қоғамның басқа занды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестері) он және одан көп пайызын сатып алуы (муліктен айыру) туралы шешім қабылдау;

16) Қоғамға акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызы тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушылардың) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау;

17) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын көлемге міндеттемесін ұлғайту;

18) қызметтік, коммерциялық немесе занмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;

19) ірі мәмілелер мен Қоғамның қызығушылығын тудырған мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдау;

20) даму жоспарын және оны орындау туралы есепті бекіту;

21) даму жоспарын жүзеге асыруды бағалау;

22) Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатпайтын Заң және Қоғам Жарғысымен көзделген басқа мәселелер.

59. Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайши келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

60. Басқарма төрағасы - Ректордан басқа Атқарушы орган мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайланада алмайды.

61. Директорлар кеңесінің мүшесіне үміткер тұлғаның Жалғыз акционер мен Қоғамның мұддесі үшін Директорлар кеңесінде міндеттерін аткару және тиімді жұмыс ұйымдастыруға қажет іскерлік және/немесе салалық ортада тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және жағымды жетістіктері болуы тиіс.

62. Қоғамның басқару органы ретінде Директорлар кеңесінің қызметі Директорлар кеңесі туралы Заңмен және Ережемен белгіленеді.

63. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болу тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

64. Басқарма төрағасы - Ректор Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланада алмайды.

Заңнамамен басқа жағдайлар қарастырылмаған болса, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалардың қайта сайлану реті шексіз.

65. Директорлар кеңесінің мәжілістерін өткізу үшін кворум Директорлар кеңесінің мүшелері санының жартысынан кем болмайтын санын құрайды.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Заңнамамен басқа жағдайлар қарастырылмаған болса, Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай дауыс көпшілігімен қабылданады.

Қоғамның мұдделелігі бар мәмілені жасасу туралы шешім оны жасасуға мұдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай дауыс көпшілігімен қабылданады.

Дауыстар саны тепе-тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің мәжілісін басқарып отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

66. Директорлар кеңесі тек қана Директорлар кеңесінің мүшелері қатыса алатын жабық мәжілісті өткізу туралы шешім қабылдауга құқылы.

67. Директорлар кеңесін мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс берумен Кеңес мүшелері арасынан жасырын дауыска салу арқылы сайланатын Директорлар кеңесінің Төрағасы баскарады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) мәжілістерді жүргізеді және хаттамаларға қол қояды;

4) заңнамаға, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес басқа функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы болмай қалған жағдайда, оның қызметтерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің мәжілістері тоқсанына кемінде бір рет шақырылады.

68. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасы немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 3) Қоғамның Жалғыз акционерінің;
- 4) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

69. Директорлар кеңесінің мәжілісін шақырту туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібі қамтылған тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы мәжілісті шақыртудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Директорлар кеңесі мәжілісін шақыруға міндетті Басқармаға жүгінуге құқылы.

70. Директорлар кеңесінің мәжілісі шақырту туралы талап түсken күннен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзім ішінде Директорлар кеңесінің Төрағасымен немесе Басқарма тараҧынан шақырылуы тиіс.

71. Директорлар кеңесінің мәжілісі аталған талапты ұсынған тұлғаның міндетті түрде шақырылуымен өткізіледі.

72. Мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоса тіркелген Директорлар кеңесі мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарлама Директорлар кеңесінің мүшелеріне мәжіліс өткізілетін күнге дейінгі он күнтізбелік күнінен кешікпей жолдануы тиіс.

73. Директорлар кеңесі мәжілісін өткізу туралы хабарлама мәжіліс күні, уақыты, өткізілетін орны, күн тәртібі, сондай-ақ бетпе-бет отырыс өткізу кезінде Директорлар кеңесі мүшесінің отырысқа қатысу мүмкіндігі болмаған

жағдайда күн тәртібі бойынша жазбаша хат жолдау арқылы дауыс беру мүмкіндігі бар екендігі туралы мәліметті қамтуы тиіс.

74. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің мәжілісіне катыса алмайтындығы жөнінде Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.

75. Директорлар кеңесінің қарауына берілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесін шақыруға бастамышылық етуге құқылы тұлғалардың бастамасымен өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына (сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда – Басқармаға) жазбаша түрде ұсынылады және ол дауысқа салынатын нақты және бір мағыналы қисынға келтірілген мәселеден (мәселелерден) тұруы керек.

Қоғам қызметінің ерекше маңызды, негізгі, стратегиялық мәселелері бойынша шешімдерді сырттай дауысқа салу арқылы қарау және қабылдауға жол берімейді.

76. Бетпе-бет тәртіpte өткізілген мәжілісте қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері мәжіліске төрағалық еткен тұлға және Директорлар кеңесінің хатшысы жасаған және қол қойған хаттамамен мәжіліс өткізілетін күннен бастап 3 күн ішінде ресімделеді және ол келесіні қамтуы қажет:

- 1) Қоғамның атқарушы органдының толық атауын және тұрған жерін;
- 2) өткізілетін мәжілістің күні, уақыты және орнын;
- 3) мәжіліске катысушы тұлғалар туралы мәліметті;
- 4) мәжілістің күн тәртібін;

5) дауысқа салынған мәселелерді және олар бойынша Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша Директорлар кеңесінің әр мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген дауыс беру жорытындыларын;

- 6) қабылданған шешімдерді;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтерді.

77. Сырттай дауысқа салу жолымен қабылданған Директорлар кеңесінің мәжіліс хаттамалары мен шешімдері, сондай-ақ қол қойылған бюллетеңдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

78. Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Қоғамның корпоративтік хатшысы оған танысу үшін Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамасын, сырттай дауысқа салу арқылы қабылданған шешімдерді ұсынуға және/немесе Қоғамның үәкілетті жұмыскерінің қолымен және Қоғам мөрінің баспа-таңбасымен расталған хаттаманың үзінді көшірмелері мен шешімдерді ұсынуға міндетті.

79. Директорлар кеңесінің мәжілісіне қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар Кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғам Жарғысы белгілеген тәртіпті бұзумен қабылдаған шешімдеріне қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оларды сот тәртібімен даулауға құқылы.

80. Аталған шешіммен Қоғамның және (немесе) Жалғыз акционердің

құқыктары мен занды мүдделері бұзылған жағдайда, Жалғыз акционер Директорлар кенесінің Қазақстан Республикасының заннамасы мен Қоғам Жарғысының талаптарын бұзумен қабылдаған шешімдерін сот тәртібімен даулауга құқылы.

81. Ең маңызды мәселелерді карау және Директорлар кенесінің ұсынымдарын дайындау үшін Қоғамда Директорлар кенесі белгілейтін кызмет бағыттары бойынша Директорлар кенесі комитеттерінің құрылуды мүмкін.

Директорлар кенесінің шешімімен тиісті бейінді Комитет мәжілісінде алдын ала қараусыз Директорлар кенесінде қарауға алынбайтын мәселелер тізімі белгіленеді.

Директорлар кенесінің шешімдер жобасы бейінді комитеттің он корытындысына ие болмаған жағдайда, ондай шешім Директорлар кенесі мүшелерінің жалпы санының білікті көпшілігімен ғана қабылдана алады.

Директорлар кенесінің Комитеттері Директорлар кенесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімге ше сарапшылардан құралады.

Директорлар кенесі Комитеттерінің құрылу және жұмыс жасау тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы Директорлар кенесімен бекітілетін Директорлар кенесінің Комитеті туралы Ережемен белгіленеді.

14. Қоғамның атқарушы органды

82. Ағымдағы кызметті басқаруды атқарушы орган – Басқарма – жузеге асырады.

Атқарушы орган Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа заннамалық актілерімен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам кызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімді қабылдауға құқылы.

Атқарушы орган Жалғыз акционер мен Директорлар кенесінің шешімдерін орындауға міндетті.

83. Басқарманы Басқарма Төрағасы – Ректор басқарады.

84. Қоғам жұмыскерлері Басқарма мүшелері болып табылады.

Басқарманың сандық құрамын Директорлар кенесі анықтайды.

85. Басқарма мәжілістері айна кем дегенде бір рет шақырылады. Шешімдер Басқарма мүшелерінің жай дауыс көпшілігімен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға осы мәжіліске қатысқан Басқарма мүшелерінің барлығы қол қояды.

86. Басқарма төрағасы - Ректор:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кенесі шешімдерінің орындалуын үйімдастырады;

2) Қоғам атынан үшінші жақпен қарым-қатынастарда сенімхатсыз арекет етеді;

3) Қоғамның үшінші жақпен қатынас жасау құқығына сенімхат береді;

4) қоғам қызметкерлерін (Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелек шараларын колданады және тәртіптік жазалар колданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақыларының және айлық ақыларына дербес үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы орган мен қоғамның ішкі аudit қызметінің кұрамына кіретін қызметкерлерді, Корпоративтік хатшыны қоспағанда, қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлық ақы мөлшерін айқындайды;

5) Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын, бас бухгалтерін тағайындауды, сондай-ақ оларды атқаратын қызметтерінен босатады;

6) өзі болмаған жағдайда, өз міндеттерін атқарушы орган мүшелерінің біріне жүктейді;

7) атқарушы орган мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ үекілдік аясы мен жауапкершілікті бөледі;

8) ҚР Еңбек заннамасына сәйкес Қоғамның жұмыс тәртібін орнатады;

9) Қоғамның ағымдағы және болашақтағы жоспарларының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Жалғыз акционердің алдында Қоғам жұмысы үшін жауапты болады;

11) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес Директорлар кеңесінің алдында есеп береді;

12) Қоғамның банк және басқа да шоттарын ашады;

13) Өз құзыреттілігі шенберінде бұйрықтар шығарады, Қоғамның филиалдары (өкілдіктері) туралы Ережелерді қоспағанда, Қоғамның кұрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

14) Басқарма мәжілісін шакырады және қажетті материалдарды қарауга ұсынады;

15) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын ішкі құжаттарды бекітеді;

16) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген Қоғамның жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

17) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады және аталған жұмыс үшін жеке жауапкершілікке ие;

18) Жалғыз акционердің және Қоғамның Директорлар кеңесінің айрынша құзыреттілігіне жатпайтын Қоғам қызметінің басқа да мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарма төрағасы - Ректордың шешімі бойынша Басқарма мүшелеріне оның кандай да бір үекілдітігі берілуі мүмкін.

15. Қоғамның ішкі аudit қызметі

87. Ішкі аудит қызметі Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін, корпоративтік басқару құжаттарының орындалуын қадағалайды, тәуекелді басқару жүйесін жетілдіреді және кенес беруді жүзеге асырады.

88. Қоғамның ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кенесіне бағынышты және өзінің жұмысы туралы оның алдында есеп береді. Қоғамның ішкі аудит қызметінің міндеттері мен қызметі, құқығы, жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Директорлар кенесімен бекітілген Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы Ережесімен анықталады.

Қоғам мен Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері арасындағы еңбек жарым-қатынасы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, осы Жарғымен, Ішкі аудит қызметі туралы ережемен және еңбек шарттарымен реттеледі.

89. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Директорлар кенесінің және атқарушы органның құрамына сайланы алмайды.

16. Фылыми кенес

90. Қоғамның Фылыми кенесі - алқалы орган.

91. Фылыми кенес өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасын, жөннө оқу орнының Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министр м.а. 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығымен бекітілген Жөннө оқу орнының Фылыми кенесі қызметінің үлгі ережесі және оны сайлану тәртібі, сонымен қатар Қоғам Жарғысын басшылыққа алады.

92. Фылыми кенес құрамына: ректор, проректорлар, факультет деkanдары, кафедра менгерушілері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессорлық құрам, студенттік және қоғамдық ұйымдарының екішерікіреді.

93. Фылыми кенес уәкілеттігінің мерзімі – 3 жыл және тақ санды мүшелерден тұрады. Қажетіне қарай жалпы жиналыстың шешімімен оның құрамына жеке өзгерістер енгізілуі мүмкін.

94. Фылыми кеңестің мүшелері Қоғам ұжымының жалпы жиналысында жасырын дауыспен сайланады.

95. Фылыми кеңесті БасқармаТөрағасы – Қоғам Ректоры басқарады

96. Хатшыны Фылыми кенес сайлайды және ол Фылыми кеңестің іс көзін жүргізуге жауапты болады

97. Фылыми кенес өз құзыреттілігі шегінде келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) ғылыми, оқу, әдістемелік және тәрбиелік қызмет мәселелерін қарастыру;

2) оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаның келешектегі динамикасын қарастыру;

3) профессорлық-окытушылық және ғылыми құрамга ғылыми штаттарды беру мәселелерін қарастыру;

4) ішкі тәртіп ережелерін қарастыру және бекіту;

- 5) оқу-тәрбие үдерісінің барлық ұйымдастыру мәселелері бойынша шешім кабылдау;
- 6) Қоғамның Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асырумен байланысты мәселелерді қарастыру;
- 7) Қоғамның әлеуметтік дамуының негізгі мәселелерін қарастыру;
- 8) еткен оқу жылындағы Қоғам қызметінің қорытындыларын шыгару;
- 9) Қоғамның оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбиелік жұмысы туралы есептерді көзөндік қарастыру;
- 10) Қоғам құрамына кіретін басқа да құрылымдық бөлімшелер қызметі туралы есептерді қарастыру;
- 11) Қоғам қызметімен байланысты және алқалық шешімді талап ететін басқа да мәселелерді қарастыру.

98. Ғылыми кеңес айына кемінде бір рет жиналыш отырады. Ғылыми кеңестің шешімдері оның мәжілістеріне кемінде құрамның 2/3 бөлігі қатысадандаған заңды. Шешімдер көпшілік даусымен ашық немесе жасырын дауыс беруімен кабылданады.

99. Ғылыми кеңесте талқыланатын мәселелерді дайындауды, кабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды ұйымдастыру үшін оның мүшелерінің арасынан Басқарма төрағасы-Қоғам Ректорының бүйрекімен 3 жыл мерзімге ғалым хатшы тағайындалады.

100. Ғылыми кеңес мәжілісіне материалдарды уақтылы және сапалы түрде даярлау және Ғылыми кеңестің іс қағаздарын жүргізу жауапкершілігі ғалым хатшыға жүктеледі.

17. Қоғамның лауазымды тұлғалары

101. Аткарушы орган мүшелері:

- 1) Қоғам және Жалғыз акционердің мүддесін жоғары дәрежеде қамтып көрсететін әдістерді пайдалана отырып, өздеріне жүктелген міндеттерін адал орындауды;
- 2) Қоғам мүлкін жеке мақсатында пайдаланбауға немесе осы Жарғыға және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға жол бермеуге тиіс;
- 3) тәуелсіз аудит жүргізумен бірге, қаржы есептемесі мен бухгалтерлік есеп жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге тиіс;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы акпаратты ашып көрсетуді бақылайды;
- 5) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзге жағдай қарастырылмаса, Қоғамдағы жұмыс аяқталған мезеттен бастап үш жыл ішінде Қоғам қызметі туралы акпараттың құпиялышын сақтауға тиіс.

102. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) Акпараттылық, айқындық негізінде Қоғамның мүддесін қорғай отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес әрекет етеді;

2) корпоративтік мәселелер жөнінде объективті тәуелсіз пікір білдіреді.

103. Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында көздөлгөн жағдайларда және тәртіппен Қоғам мен Жалғыз акционер алдында жүшапты болады.

18. Қоғамның ақпаратты ашуы

104. Қоғам Занға және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционерге хабарлайды. Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсы болып табылатын бұқаралық акпарат құралдары арқылы Жалғыз акционерге акпарат беріледі, жылдық қаржылық және аудиторлық есептілік жарияланады.

105. Қоғам Жалғыз акционердің талабы бойынша Занда қарастырылған құжаттар көшірмелерін Жалғыз акционерге беруге міндетті.

106. Жалғыз акционер акпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органдына жазбаша түрде жүгінеді.

Қоғам Жалғыз акционер талап еткен ақпаратты (талап етілген құжаттар көшірмесін) өтініш берілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн шілдесінде ұсынуы міндетті.

107. Қоғам Жалғыз акционерге қоғамның мына корпоративтік жайттары туралы ақпаратты мәлімдеуге тиіс:

1) Қоғамды корпоративті басқару кодексіне сәйкес Жалғыз акционер және Директорлар кеңесімен мәселелер тізімі бойынша қабылданған шешімдер туралы Жалғыз акционерге жеткізілуі тиіс акпарат және қабылданған шешімдерді орындау жөніндегі акпарат;

2) Қоғамның акцияларды шыгаруы және Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есепті, Қоғамның бағалы қағаздарын елеу туралы есепті уәкілдемен орнандыру; Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) Қоғамның ірі мәмілелерді және Қоғам мүдделі болған мәмілелерді жасауы;

4) Қоғам активтерінің бес және одан көп пайзызын құрайтын сомага Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) табыстау;

5) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайзызын құрайтын мөлшерде қарыз алу;

6) Қоғамның қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін лицензия алу, қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін бұрын аттынған лицензиялардың әрекетін тоқтата тұру және доғару;

7) Қоғамның занды тұлғаны құруға қатысуы;

8) Қоғам мүлкін тұтқындау;

9) нәтижесінде тенгерімдік құны Қоғам активінің жалпы көлемінің он және одан да көп пайзызын құрайтын Қоғам мүлкінің жойылуына әкелген төтенше сипаттағы жағдайдың болуы;

- 10) Қоғамды және оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- 11) Корпоративті даулар бойынша сотта іс қозғау;
- 12) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім;
- 13) Осы Жарғыга, сондай-ақ Қоғамның құнды қағаздарын шығару анданасына сәйкес Жалғыз акционердің мүдделерін қозғайтын баска да жайттар.

Қоғам қызметтік және коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратқа ие болушы Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндettі түрде жүргізеді.

108. Қоғамның қызметіне қатысты құжаттар Қоғамның тұрған жері бойынша оның барлық қызмет ету мерзімі ішінде сақталады.

109. Келесі құжаттар сақталуға жатады:

- 1) Қоғам Жарғысы, Қоғам Жарғысына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
 - 2) Жалғыз акционердің шешімдері және оларға қатысты материалдар;
 - 3) Жалғыз құрылтайшының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 4) Қоғамның заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) етуі туралы куәлік (анықтама);
 - 5) Қоғамның белгілі қызмет түрлерімен айналысусына және (немесе) белгілі әрекет жасауына берілген лицензиялар;
 - 6) Қоғамның балансында бар (болған) мүлікке оның құқығын растайтын құжаттар;
 - 7) Қоғамның бағалы қағаздары шығарылымының анданасы;
 - 8) Қоғамның бағалы қағаздары шығарылымының мемлекеттік тіркеуден етуін, бағалы қағаздардың күшін жоюды, сондай-ақ уәкілетті органдың ұсынылған Қоғамның бағалы қағаздарды орналастыру жорытындылары туралы есептерін бекітуді растайтын құжаттар;
 - 9) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;
 - 10) Директорлар кеңесі мәжілістерінің хаттамалары (сырттай еткізілген мәжіліс шешімдері) мен бюллетеньдері (соның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібі мәселелеріне қатысты материалдар;
 - 11) Басқарма Төрағасы – Қоғам Ректорының бұйрықтары;
 - 12) бар болған жағдайда Корпоративтік басқару кодексі.
- Басқа құжаттар, соның ішінде Қоғамның қаржы есептемесі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

19. Қоғамда білім алушыларды қабылдау және оқудан шығару тәртібі

110. Азаматтарды Қоғамда білім алуға қабылдауды білім беру саласындағы уәкілетті органдардың нормативтік құжаттарына қайшы көмейтін жағдайлар бойынша Қоғам өзі жүзеге асырады.

111. Қоғамға окуға орта білім бар (жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім) ортадан кейінгі, жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар қабылданады.

